

Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу

2014 жылдың 20 қарашасы күні Жерге орналастыру факультеті «Бағалау» мамандығының 1,2,3,4 курс студенттері Астана қаласының құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесті.

Полиция капитаны Д.К. Мурсалимов өз сөзінде студенттерге қоғамдық, көпшілік жерлерде өздерін дұрыс ұстау, университет пен оның аймағында тәртіпті сақтау жауапкершілігінің маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ, темекі тарту, арақ ішу және нашақорлықтың кесірінен жасалған қылмыстар жайлы тоқталды. Студенттерге 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап өз күшіне енетін Қылмыстық кодекстің жаңа тармақтары туралы жан-жақты мәлімет берді.

Кездесу барысында студенттер өздерін ойландырып жүрген сұрақтарға толыққанды жауап алды.



